

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 48 (900) 4 қараша 2022 жыл


facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru



Мемлекеттік
қызметшілердің
Әдеп кодексінің жаңа
редакциясы бекітілді

АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ ҚАРАСТЫРУ

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасында Мемлекеттік органдармен жеке және заңды тұлғалар арасындағы жария құқықтарды іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызмет көрсету салаларында реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауын бақылауды жүзеге асыруы басым бағыттардың бірі болып табылады.

2022 жылдың ағымдағы кезеңінде Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасына «Е-Отinish» бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы азаматтардың 94 өтініші келіп түсті. Бақылау басқармасына келіп түскен өтініштер көп жағдайда құзыретіне кірмеген және қарау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 60 (64%) жағдайда, 3 жұмыс күні ішінде құзыретіне осындай өтініштерді қарау кіретін уәкілетті органдарға қайта жіберілген.

Өтініштерге жүргізілген талдау көрсеткендей, шағымдардың ең көп саны лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің, атап айтқанда тұрғын үй, ауыл шаруашылығы және өзге де қызмет саласындағы заңсыз актілеріне келіп түскен.

Азаматтар өз өтініштерінде соттардың, сот орындаушыларының, прокурорлардың, полицейлердің қызметін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу сияқты мәселелерді Департамент бақылауы керек деп есептей отырып, мемлекеттік қызмет саласына жатқызады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің негізгі міндеттері:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді қоспағанда, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік аппаратты бюрократияландыру жөніндегі шараларды әзірлеу;

2) мемлекеттік қызмет туралы және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнаманы сақтау мәселелерінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру. Әр жағдайда адамның мінез-құлқы көптеген келесі факторлармен анықталатыны белгілі: ішкі көзқарастар мен мотивация, дағдылар, білім, технологияны түсіну.

Қарастырылып отырған процеске екі тарап қатысады. Екеуі де белгілі бір қиындықтарға тап болады. Адамдарға ақпарат қажет, ал мемлекеттік қызметкерлер заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуі керек.

Демек, мемлекеттік органдар өз құзыретіне жататын негізгі мәселелерді халыққа қолжетімді нысанда жеткізуі және өтініштерді қарау кезінде оларды жан-жақты және белгіленген мерзімде қарастыра отырып, заңнама нормаларын қатаң басшылыққа алуы қажет.

Абзал Оразымбетов,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН ҰЛЫ ТОЙ

Ұлан-байтақ қазақ жерінің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы 1990 жылы 25 қазан күні қабылданды. Бұл атаулы сәттің Республика күні ретінде 2009 жылға дейін тойланғаны мәлім. Осынау мерейлі мерекенің араға он үш жыл салып ортамызға қайта оралуы – айтулы оқиға. Елімізде өткен мерекелік іс-шаралардың бәрі - бұл жаңа Қазақстан ұрпағының өзінің бастауы мен сабақтастығын мойындауының, тарихи еңбегі мен халқымыздың мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы ерік-жігерін құрметтеуінің символы деп білеміз. Республика Күнін жаңғырту - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған нақты қоғамда қордаланған мәселелердің орындалып жатқандығының айғағы болып табылады. Облыс орталығында өткен мерекелік жиында:

– Бұл күн – еліміздің тәуелсіздік алуына жасалған ең алғашқы нық қадам. Мемлекет басшысының Республика күнін жаңғырту туралы шешімін Қызылжар өңірі де қуана қолдады. Егемен еліміздің көк байрағы желбіреп, Қазақстан өркениетті елдер салған сара жолға түсті. Тәуелсіздік жылдары елімізде экономикалық және саяси қатынастар жүйесі қалыптасты. Осы уақыт ішінде Қазақстан құқықтық-демократиялық ел ретінде әлемге танылды.

туын жықпаған серіктестік басшылары, адал еңбегімен елдің алғысына бөленген ауыл шаруашылығы мамандары, зауыт жұмысшылары, білім беру саласының өкілдері, спортшылар мен өнер иелері бар. Біздің тайыншалық жерлестеріміз де жоғары марапаттарға ие болды. Олар: Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 қазандағы Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталған ауданымыздың Аймақ ауылы білім ошағының ұлағатты ұстазы, мектеп директоры Ораз Құттығожин және «Ерен еңбегі үшін» төсбелгімен марапатталған «Астық СТЕМ» ЖШС-нің майталман қызметкері, ауыл шаруашылығының саласының тәжірибелі маманы Талғат Хамидуллин мырза. Жоғары марапаттарыңыз, құтты болсын, жерлестер! Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да – азаматтар! Көк туымыз – егемендік, азаттық, бірлік, бейбітшілік сынды ізгі құндылықтарды ұштастыратын қастерлі рәміз. Біз – байрағын биік ұстаған бабалардың ұрпағымыз. Сондықтан ту көтеру рәсімі ұлттық мерекенің маңызын арттырады. Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ.



Қоғамды демократияландыру бағытында нақты қадамдар жасалды. Биыл өткен жалпыхалықтық референдумда солтүстікқазақстандықтар мемлекеттік басқарудың заманауи моделіне қолдау білдірді, – деген облыс әкімі Құмар Ақсақалов өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы баяндап, жеткен жетістіктеріміз бен мақтан тұтар жерлестерімізді атап өтті. Солардың бірқатары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Ұлы мереке қарсаңында елдің дамуына, өңірдің гүлденуіне елеулі үлес қосқаны үшін түрлі марапатқа ие болды. Олардың қатарында туған ауылының

Бағдарымыз – айқын, мақсатымыз – ортақ. Біз тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, мемлекетімізді нығайта береміз. Өйткені Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір, – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнімен халықты құттықтауында. Ендеше, біздің де айтар ақ тілегіміз: Еліміздің, халқымыздың мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай берсін!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Ұлтынша таңы

«ХАЛЫҚ ТАҢУ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСАЙЫҚ!

«Сарыарқа» заң кеңесшілері құқықтық орталығы ҚБ 2022 жылдың 15 қыркүйегінен бастап «Халық тану» республикалық қоғамдық байқауын өткізуге бастамашы болды. Конкурс қоғамдық дауыс беру нәтижелері бойынша кәсіби және қоғамдық қызметтің барлық салаларындағы Қазақстан Республикасының үздік азаматтары мен компанияларын анықтауы тиіс.

Бес номинация бойынша сыйлық берілетін болады. Дауыс беру қорытындысы бойынша экономиканың барлық салаларындағы кәсіпорындардың үздік басшылары мен қызметкерлері, қайырымды жандар, ерлік көрсеткен тұлғалар және т.б. марапатталады.

Сыйлыққа үміткерлерді ұсыну 2022 жылдың 10 желтоқсанына дейін жалғасады, ал онлайн дауыс беру 2022 жылдың 26 қыркүйегінде ұйымдастырушының <https://pomogvsem.kz/> сайтында басталады. Жеңімпаздарды марапаттау екі кезеңде өтеді: 14 желтоқсанда Алматы қаласында және 15 желтоқсанда Астана қаласында.

«Сарыарқа» ЗКҚО ҚБ-нің баспасөз қызметі Чумаков Николай Владимирович <https://pomogvsem.kz/> Байланыс деректері: WhatsApp тел. +7 701 870 9889 e-mail: vsesrazy2013@bk.ru Қатысу мәселелері бойынша келесі нөмірге хабарласыңыз: +7 701 967 98 89.

• Білім – басты НАЗАРДА!

КЕЛЕШЕК – КЕМЕЛ БІЛІМДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауының “Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам” аталуында үлкен мән жатыр. Халықтың жан дүниесіне жақын, қарапайым, түсінікті тілмен жазылған құжатта еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағыттары, саяси және құқықтық жүйедегі өзгерістер мен халықтың мұң-мұқтажы, қоғамның сұранысы дөп басып көрсетілген.

Әлемде қалыптасқан күрделі саяси жағдай қоғамда үлкен өзгерістерді қажет етеді. Сондықтан Жолдаудың кіріспесі: “Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс” – деп, тебіреністен басталады. Әділетті Қазақстанды құруда жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын бұл тарихи құжат халықтың болашаққа деген сенімін нығайта түскені сөзсіз. Қоғамдағы өзгерістердің басында адамның білімі, тәртібі мен тәрбиесі сияқты құндылықтар тұрады. Қазіргі кезеңде білімді, зайырлы азаматты қалыптастырып, тәрбиелеп шығарудың маңызы өте жоғары. Бұл орайда білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттер де аз емес.

Маңызды құжатта Мемлекет басшысы тереңірек тоқталған мәселелердің бірі – білім беру жүйесі. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Жаңадан жағдайында біраз ұлттық құндылықтарымыз ұмыт қалып жатқан сияқты. Ұлттық кодты, адамгершілік қасиеттерді сақтау, еліңді, ұлтыңды риясыз сүйе, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесінен басталады. Осы орайда жоғары оқу орындарында болып жатқан өзгерістерді атап өткен жөн. Еліміздің стратегиялық маңызды аймақтарының бірі – Солтүстік Қазақстан өңірі. Бұл жерде көпбейінді жалғыз жоғары оқу орны – М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті жұмыс істейді. 85 жылдық тарихы бар университет қазіргі кезде үлкен серпілісті басынан кешіруде. Университеттің инфрақұрылымы жақсарып, заманауи оқу-зертханалық корпусының құрылысы аяқталуда, онда 68 ғылыми, оқу және виртуалды зертхана орналасатын болады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылға дейін әлемдегі үздік бес университеттің филиалын ашу бойынша тапсырма берген еді. Сол филиалдың бірін ашу бізге бұйырды. Биылғы оқу жылын Америка Құрама Штаттарының Аризона университетімен бірлесіп, қос дипломды білім беру бағдарламасын іске қосудан бастап отырмыз. Әлемдегі ең үздік университеттердің бірімен серіктестік орнату – біз үшін маңызды оқиға. Стратегиялық жағынан маңызды жоба біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, ғылыми әлеуетінің көтерілуіне жан-жақты әсер ететіні сөзсіз.

Биылғы оқу жылында бірінші курсқа қабылданған студенттер мемлекеттен бөлінген арнайы грант негізінде оқиды. Жыл сайын басқа өңірлерден, алыс-жақын шетелдерден жастардың тоғысатын алаңына айналатынына сенімдіміз. Халықаралық бағдарлама бойынша білім алушылар үш жыл М.Қозыбаев университетінің қабырғасында, бір семестр Аризонада оқып, қос диплом алып шығады. Уақыт бір орында тұрмайды. Қазіргі таңда қоғамның қай саласына болмасын заманауи өзгерістер қажет екенін көріп отырмыз. Университеттің дамуына, көркейгені бәрімізге жақсы. Ең бастысы – жаңалық іздеген, білім құған, озық ойлы қазақ жастары солтүстікке ағылатынына сенімдіміз!

Жолдауда айтылған келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Мемлекет басшысы аталмыш мәселеге қатысты: “Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ барлық мәселенің шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болуы шарт. Әрине, мұны оқу орындарынан біртіндеп талап еткен жөн”, – деді. Қазіргі таңда елімізде 30630 орындық 124 жатақхана бар екен. Қолданысқа берілетін орындардың 63 пайызы жеке инвесторлардың қаражаты есебінен іске асырылуда. Ғылым және жоғары білім министрлігі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жатақхана салу ісінің тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік тапсырысты орындауда жеке инвесторларға қарастырылған амортизациялық төлемдерді 8 жылдан 6 жылға дейін қысқарту, ал бөлінетін төлемдер көлемін 20 пайызға ұлғайту, амортизациялық төлемдер мерзімі аяқталғаннан кейін және жатақхананың нысаналы мақсатын өзгертпеу мерзімі біткенше операциялық шығындардың бір бөлігін өтеуді ұсынды. Мұндай шара жекеменшік мектептер салу барысында да өз тиімділігін көрсетті. Мемлекеттік грант алу үшін жоғары оқу орнына қойылатын талаптардың ішінде жатақханамен қамтамасыз ету шарты нормативтік тұрғыда бекітіледі.

Қазіргі таңда М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің білім алушыларына арналған жатақхананың құрылысы жүріп жатыр. Бұл жобаны жүзеге асыруда министрлік және облыс әкімшілігі тарапынан айтарлықтай көмек көрсетілуде.

Жолдауда көтерілген тағы бір мәселе – жоғары білім саласындағы реформаларды білім беру грант-

тары бағытында жүзеге асыру. “Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі”, – делінген Жолдауда. Осыған орай, білім алуға қаражат жинақтау құралы ретінде ғылым және жоғары білім министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі тарапынан балалар мен студенттердің жасына қарай Мемлекеттік білім беру-жинақтау жүйесін пайдалану мәселесі қарастырылуда. Қазір сараланған грантты енгізу бойынша тәсілдер пысықталуда. Студенттерге жылдық өсімі 2-3 пайызбен білім беру несиесін алу мүмкіндіктері қарастырылады. Бұл жүйе студенттік несие алудағы кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындары үшін негізгі көрсеткіштердің бірі – шетелдік студенттер. Бүгінде біздің университетте Үндістан, Ресей, Моңғолия, Қытай, Әзірбайжан, Германия, Грузия, Бангладеш, Қырғызстан, Өзбекстаннан студенттер оқиды. Сонымен қатар бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша маңызды жұмыстар атқарылуда. Нәтижесін “Атамекен” Ұлттық кәсіпкерлер палатасының білім беру бағдарламалары рейтингісінің жыл сайынғы көрсеткіштері арқылы білуге болады. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша М.Қозыбаев университеті түлектерінің 70 пайызы жұмысқа орналасты.

Жолдауда көтерілген тағы бір маңызды мәселе – ғылыми әлеует және жоғары оқу орындары жанындағы эндаумент қорлары. Қазіргі таңда білікті оқытушыларды әлемдік білім беру стандарттары шеңберінде даярлау мақсатында халықаралық “Болашақ” бағдарламасы және “500 ғалым” жобасы жүзеге асырылуда. Ғылыми жобаларды гранттық және нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру арқылы ғалымдардың белсенділігін арттыру және ынталандыру мәселесі де қолға алынды. Мысалы, соңғы жылдары біздің университет ғалымдарының белсенділігі артып, 2021-2023 жылдарға арналған көлемі шамамен 500 млн. теңгені құрайтын 16 ғылыми жоба жүзеге асырылуда. Қазақстандағы эндаумент қорлардың жағдайына келетін болсақ, оң тәжірибе қалыптасты деуге негіз бар. Бұл еліміздің жоғары оқу орындарының тәжірибесінде жаңа бағыт болғандықтан ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, іс-шаралар жоспарын әзірлеу арқылы институционалдық инвесторларды тарту, қызметкерлерді оқытуды салықтық ынталандыру сияқты әрекеттер жасау көзделіп отыр.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалардың бірі – Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты және Ә.Марғұлан атындағы Археология институты филиалдарының ашылуы. Жобаның негізгі міндеті – теріскей аймақтың тарихы мен мәдениетін зерттеу, оны жүзеге асыру үшін арнайы бағдарламалы-нысаналық қаржыландыру жүйесін жасау. Алда тарихты терең, мәдениеті ерекше, талай дүлдүл тұлғаларды өмірге әкелген өлкенің ежелгі дәуірден қазіргі күнге дейінгі тарихын тың деректерге сүйене отырып жан-жақты зерттеу, нәтижелерін жариялау, мамандар даярлау, бағдарламалық-нысаналық, гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу, тарих, археология мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура, PhD докторантура ашу сынды қыруар жұмыс күтіп тұр. Бұл ретте тарихшы, археолог, этнолог мамандарды даярлау өте маңызды. Сондықтан институттардың филиалдарын ашу арқылы өңірге осы бағыттағы ғалымдарды тарта отырып, қордаланған мәселелерді шешу өте орынды деп ойлаймын. Себебі Қазақстанның аумақтық тұтастығына қатысты, әсіресе солтүстік өңірлер туралы арандатушылық мәлімдемелерді ескерсек, бұл мемлекеттік деңгейде тұжырымдамалық шешімдерді қажет ететін стратегиялық маңызды мәселе болып отыр.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, Үкімет, облыс әкімшілігі тарапынан университетке айтарлықтай көңіл бөлінуде. Биылғы жылы жаңа оқу-зертханалық ғимарат пайдалануға берілді. Онда қойылатын заманауи құрылғылар мен зертханалық жабдықтар студенттердің білім алуына, профессорлар мен оқытушылардың лайықты қызмет етуіне, ғалымдардың ғылыми зерттеулерін жүзеге асыруына ықпал ететіні сөзсіз.

Қасым-Жомарт Кемелұлы: “Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз”, – деп барлығымызды бірлікке шақырып отыр. Ендеше, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген міндеттерді орындау – барлығымыздың міндетіміз. “Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып”, әр іске жұмыла кіріссек, нәтижелі болатыны сөзсіз.

Ерлан Нұрлыбекұлы ШҰЛАНОВ,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры.

• Адам. Қоғам. Заң

**ЗАҢДЫ
БІЛМЕЙТІНДЕР ЗАР
ИЛЕП ЖҮР**

Кейінгі жылдары теңгенің құнсыздануына байланысты халықтың тұрмысы төмендеп, көптеген азамат екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарынан қыруар кредит алып, қарызға белшеден батқаны мәлім. Осыған орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 26 маусымда «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойып, бұрынсоңды болмаған әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған еді.

Сөйтіп кепілсіз тұтынушылық қарыз алып, қиын жағдайда қалған 500 мыңнан астам азаматтың – көпбалалы, асыраушысынан айырылған және мүгедектері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың, атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтардың, жетім балалардың шамамен 115 млрд теңге қарызы бір жолғы тәртіппен кешірілген. Бұған қоса, 1,2 млн азаматтың 33,6 млрд теңге сомасындағы айыппұлдары мен өсімпұлдары өтелген.

Сол жылғы 2 қыркүйекте жариялаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауында Мемлекет басшысы әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың тым көп несие алуына тағы да назар аударып, Үкімет пен Ұлттық банкке екі ай ішінде мұндай жағдайдың қайталанбауына кепілдік беретін тетіктерді енгізуді тапсырған. Нәтижесінде, Ұлттық банк басқармасы 2019 жылғы 26 қарашада «Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» №209 қаулысын қабылдап, ол Әділет министрлігінде тіркеуден өткен соң, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Аталған нормативтік-құқықтық актіде жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәні мүлік кепілімен қамтамасыз етілген жағдайда берілген микрокредит сомасының 20 пайызы мөлшерінде, ал мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген жағдайда берілген микрокредит сомасының 25 пайызы мөлшерінде белгіленген. Ол республика аумағында екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарының барлығы өз қызметінде бұлжытпай басшылыққа алуға міндетті құжат болып саналады. Алайда көптеген микроқаржы ұйымы оған «пысқырып» та қарамай, бұрынғыша шектеусіз өсімқорлығын ешкімнен именбей жалғастырып, табысы төмен адамдардың қанын теспей сорғандай озбырлық көрсетіп отыр.

Мысалы, Астана қаласындағы бір микроқаржы ұйымы өткен жылғы қараша айында К.дегена азаматқа 45 пайыздық жылдық сыйақы мөлшерлемесімен 400 мың теңге микрокредит беру туралы шарт жасасыпты. Алты айдан соң әлдебір себеппен тиісті төлемді төлеуге жағдайы келмеген азаматты микроқаржы ұйымы енді сотқа беріп отыр. Бұл ретте бізді қызықтыратын жайт – сот микроқаржы ұйымы Ұлттық банк басқармасының №209 қаулысының талабын орындамағанын ескеріп, оның азамат К.-мен жасаған шартын заңсыз деп танып ма екен?

Жалпы, елімізде осы жылдың бірінші жартысында микроқаржы ұйымдарына берешегін 90 күннен астам өтемеген 550 мың қарыз алушы бар екен. Олардың арасында жылдық сыйақы мөлшерлемесі 30 мың пайызға дейін жеткен қарызгерлер де бар болып шықты. Жоқшылық екі бүйірінен қысып, еңсесінен езгенде есі шығып, көзіне «далада тегіннен-тегін жатқан батпанқұйрықтай» болып көрінген қарыз шартын мұқият оқымастан қолын қоя салғанымен, кіріптарлыққа түскенін кейін түсінген борышкерлердің бір бөлігі мұндай жүргенсіздікке шыдамай, қарыздарын төлеуден әдейі бас тартатын көрінеді. Бірақ олардың ішінде сотқа жүгініп, өздерінің аяққа басылған құқықтарын қорғап жүрген азаматтар некен-саяқ екен. Ал, қолданыстағы заңнаманы білмегендіктен, микроқаржы ұйымдарына сыйақы мөлшерлемесі белгіленген шектен әлдеқайда жоғары қарызын ай сайын әрең төлеп, зар илеп жүрген қазақстандықтардың саны қанша екені бір Аллаға ғана аян. «Ештен кеш жақсы» демекші, ондай азаматтардың да әділдік іздеп сотқа жүгініп, артық төлеп келген қаражатын қайтарып алуға заңды құқығы бар. Осы орайда оларға Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі көмек көрсетіп, арандарын ашқан тойымсыз микроқаржы ұйымдарын тәртіпке шақыратын уақыты жетті деп ойлаймыз.

Кәрібай МҰСЫРМАН,
Қазақстанның құрметті журналисі.

2022 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАЗАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДЕРІ



енрф.кз сайтында «Көрсеткіштер – Инвестициялық қызмет» бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін инвестициялауы туралы ай сайынғы егжей-тегжейлі есебі, сондай-ақ, инвестициялық қызметке шолулар орналастырылған.

2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 14,1 трлн теңгеден асты. Бұл ретте ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері 14 095,38 млрд теңге. Ал ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 9,06 млрд теңге.

ҚРҰБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛИ

2022 жылдың 1 қазанына ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде БЖЗК 3А портфеліндегі айтарлықтай үлесті (шамамен 46%) қор нарығындағы ең сенімді құралдар ретінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ алады. Олардың ағымдағы құны 6 477,39 млрд теңге. 2022 жылдың қыркүйегінде портфельге орташа алғанда жылына 14,36% кірістілікке ие ҚР Қаржы министрлігінің 195,1 млрд теңге көлеміндегі МБҚ сатып алынды. Жалпы, ҚР Қаржы министрлігінің теңгемем номиналданған МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілігі жылына 11,6% болса, АҚШ долларымен жылына 3,4% құрады.

ҚР Қаржы министрлігінің облигацияларымен қатар БЖЗК-ның зейнетақы активтері квазимемлекеттік компаниялардың (1 725,87 млрд теңге – портфельдің 12,24%), екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ облигациялары – 929,12 млрд теңге немесе портфельдің 6,59%; ЕДБ депозиттері – 197,09 млрд теңге, 1,4%), халықаралық қаржы ұйымдарының (382,32 млрд теңге, 2,71%) бағалы қағаздарына және басқа қаржы құралдарына инвестицияланады.

Сыртқы нарықта БЖЗК зейнетақы активтерін инвестициялау индекстік негізде жүзеге асырылады. БЖЗК инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық портфельді стратегиялық бөлу жандық акциялар, дамыған және дамушы нарықтардың облигациялары, инвестициялық деңгейдегі эмитенттердің корпоративтік облигациялары сияқты активтердің негізгі шетелдік сыныптарына инвестициялауды көздейді.

Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісінде инвестициялық портфель былайша ұсынылған: ұлттық валютадағы инвестициялар – 70,17%, АҚШ долларында – 29,75%, басқа валютада – зейнетақы активтері портфелінің 0,08%.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан есептелген инвестициялық табыс мөлшері 2022 жылдың басынан бастап 741,96 млрд теңге. 2022 жылғы 9 айдағы кірістілік - 5,34%, соңғы 12 айда ҚР Ұлттық Банкі қамтамасыз еткен зейнетақы активтері бойынша кірістілік (2021 жылғы қазаннан 2022 жылғы қыркүйекке дейін) 7,52% болды. 5 жыл ішіндегі жинақталған инфляция - 53,7%, ал зейнетақы активтерінің жинақталған кірістілігі - 55,8%.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттерінің егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке шолу БЖЗК-ның ресми сайтында орналастырылған.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беру моделі жұмыс істейді. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес, мемлекет алушыларға зейнетақы төлемдеріне құқық алған сәттегі инфляция деңгейін ескере отырып, БЖЗК-ға нақты енгізілген журнал мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуы.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫЛАР

Басқарушы компанияларға берілген қаражаттың жалпы көлемі 9,06 млрд теңге.

«Jusan Invest» АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 4,045 млрд теңге. Оларға мыналар сатып алынды: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары, олар 29,74%, ҚРҰБ нотаары (портфельдің 30,01%), ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ (17,61%). Портфельдің 9,65% РЕПО-да, 12,98% шоттардағы ақшалай қаражатта. Айта кетейік, портфельдің 65,01% теңгемем, 34,99% АҚШ долларымен берілген.

Инвестициялық қызмет нәтижесінде «Jusan Invest» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің табыстылығы жыл басынан бері 0,64%, 12 айда 4,83% болды.

«Jusan Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің толық құрылымы БЖЗК сайтында жарияланған.

«Halyk Global Markets» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 қазанына 2,58 млрд теңге. Қоржын құрылымында кері Repo (90 күнтізбелік күннен артық емес) 50,11%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары 13,29%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) 12,95%, шоттардағы ақшалай қаражат – 7,51%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары 5,73%, МҚҰ 4,75%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары 4,49%, басқа да активтер болды. Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 79,13%, АҚШ долларында – 20,87% құрады. «Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі 01.01.2022 ж. бастап 01.10.2022 ж. дейін 1,16%, 12 айда 4,5% болды.

«Halyk Global Markets» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің нақты құрылымы БЖЗК сайтында жарияланған.

«BCC Invest» АҚ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 2022 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 1,46 млрд теңге. Олар ҚР Мемлекеттік облигацияларына 44,06%, пайларға (ETF индекстерге) 19,72%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары 9,84%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары 8,23%, МҚҰ облигациялары 5,89%, ҚР ЕДБ облигациялары 5,51%, ҚР резидент эмитенттерінің корпоративтік облигациялары 5,23%, инвестициялық шоттардағы ақша қаражаты 1,42%, өзге активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) 0,1%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 71,65%, АҚШ долларында 28,35% инвестицияланған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде «BCC Invest» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі ағымдағы жылдың басынан бері (-0,38%), 12 айда - 3,31% құрады.

«BCC Invest» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің толық құрылымы БЖЗК сайтында жарияланған. 2022 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша «Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗК зейнетақы активтері 0,97 млрд теңге. Олар ҚР ҚМ МБҚ-ға 54,43%, РЕПО – 14,04%, инвестициялық шоттардағы ақша қаражаты 12,66%, квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары – 8,88%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары 8,29%, шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) 1,7%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 80,25%, АҚШ долларында 19,75% инвестицияланған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде «Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі 2022 жылдың басынан бері 2,06%, 12 айда 4,74% құрады. «Сентрас Секьюритиз» АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің толық құрылымы БЖЗК сайтында жарияланған.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗК-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып есептеледі.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
«Көрсеткіштер – Инвестициялық қызмет» бөлімі.**

ТҰМАУДАН САҚТАНА БІЛЕМІЗ БЕ...



Күз-қыс кезінде тұмаудың өршітін бар. Кей тұрғындар жұқпалы аурудан сақтану үшін тиісті екеп алып жатады. Ал вакцина қабылдамаған азаматтар қалай сақтануы керек? Әсіресе суық тиюдің нәтижесінде болатын ауру кезінде иммунитетті қалай сақтаған дұрыс? Дертті асқындырып алмау үшін қандай шараларды орындау керек?

Әр адам тұмауға шалдыққан кезде әртүрлі емделіп жатады.

Тұмаудың пайда болуының бірнеше себебі болуы мүмкін. Ол жедел респираторлық-вирустық инфекциялардан бастап өткір маусымдық аллергияларға, гормондық өзгерістерге немесе климаттық температураның күрт ауысуына байланысты болуы ықтимал. Бірақ бұл маңызды емес. Мұрынның бітелуіне немесе одан су аққанына қарамастан, қиындықтан құтылудың қарапайым тәсілдері бар. Олардың кейбіреулері тек уақытша жеңілдік әкеледі, алайда басқалары тұмаудан жылдам және түпкілікті арылуға көмектеседі. Алдымен ыстық шай ішіңіз. Ол ыстық болуы керек, бірақ күйдіретіндей емес. Тұмау тигенде ыстық сусын мен оның буы жұтқыншақтың қан айналымын арттырады. Нәтижесінде бітелген мұрын ашылып, дем алу оңайырақ болады. Бүмен дем алу суықтың, соның ішінде тұмаудың әсерін күрт төмендетеді және ауру уақытын қысқартады. Жылдам жеңілдегіңіз келсе, ыстық душ қабылдаған дұрыс. Ингаляция немесе шай душта мұрыннан аққан суды жақсы тоқтатады және мұрынның бітелу сезімін жоюды. Күніне 3-4 рет 2-3 минуттан жылы суға малынған дымқылданған майлықты мұрныңызға қойып қойыңыз. Бірақ, майлық қатты күйдіріп жіберетіндей болмауы керек. Дәріханадан дайын тұз ерітіндісін сатып алыңыз немесе оны өзіңіз үйден дайындаңыз. Тұз ерітіндісін дайындау әдісі де қарапайым. 240 миллилитр стаканға жылы су құйып, оған 1/2 шай қасық тұз бен бір шымшым ас содасын қосыңыз. Мұрныңызды осы ерітіндімен күніне 3-4 рет жағымсыз симптомдар жойылғанша шайыңыз.

Тұмаудың салдары өлімге дейін апаруы мүмкін. Тұмау өте қауіпті жұқпалы ауру болып есептеледі. Сіз бен біз өмір сүретін қоғамда тұмау ауруынан шамамен бір аптаның ішінде жазылып кететіндей болып елестейді. Негізі, ол - өте жұқпалы әрі қауіпті ауру. Сондықтан маман ретінде дер кезінде, яғни клиникалық белгілерін байқаған кезде міндетті түрде үй жағдайында дәрігерді немесе жедел жәрдем қызметкерлерін шақыру қажет.

Тұмаудан сақтанудың дұрыс жолдарының бірі - вирустан алшақ болу. Яғни, қазіргі уақытта адамдар көп жиналатын орындарға бармаған абзал. Егер жақсы тамақтансаңыз, иммунитетіңіз жақсарар. Ал иммунитетіңіз жақсарса, ауру жұқтырмайсыз. Сол себепті құнарлы, нәрлі тағамдарды пайдаланыңыз (ет сорпасы, т.б.). Лимон мен бал да - иммунитетіңіздің жақсаруының кепілі. Сонымен қатар, сұйықтықты көп ішу қажет. Сол арқылы тері ылғалданып, ағза тазарды. Нәтижесінде тұмауға төтеп беретін мықты «әсер» (иммунитет) түзіледі. Басты ереженің бірі – бөлмені жиі желдетіп тұру. Жұмыста, қоғамдық орындарда (аурухана, мектеп, бала-бақша т.б.), үйде болсаңыз да бөлмелердің терезесін ашып, ара-тұра таза ауа кіргізіңіз. Сол арқылы бөлмеде вирус азаяды. Әсіресе, ауру адамның қолы арқылы инфекция жылдам тарайды. Тұмауратқан адам бір минуттың ішінде қолымен аузы-мұрнын бірнеше рет ұстайды. Сондықтан қол алысу, есіктің тұтқасын ұстау – мұның барлығы инфекция таралуының бір жолы. Сол үшін әр нәрсені ұстай бермеуге тырысыңыз.

Мөлдір Уварова, жалпы дәрігер.


АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!


Жақсылыққа қайырымдылықпен жауап беру әр жанның болмысына біткен ізгі амал. Маңайыңдағы мұқтаждарға мейірімділік пен ізгілік, достыққа адалдық таныту – адамгершіліктің белгісі болса, адамзаттың барлығына «бауырым» деп қарау Абайдан қалған өсиет.

Осы тұста, адам жақсылық жасауды күнделікті ісі ететін болса, елге де өзіне де пайдасы мол болары сөзсіз. Негізі өзім «Жүрекке жол» еріктері тобының қатарында болғандықтан біз қазіргі таңда әкімнің ұсынысы бойынша жұмыстар атқарғанды жөн санаймыз. Оған ауылда бос жүрген жақсы іспен айналысқысы келетін жастарды жұмылдыра отырып, қайырымдылық іспен көбірек айналысқымыз келеді. Қазір рас «Кәусарға көмек» қайырымдылық шарасына қатысқан жастардың белсенділігі көп ортада айтылуда. Бұл жалғасын табуы керек. Алайда, тағы да басқа көмекке мұқтаж жандарға көмек қолын со-

зып, жалғыз басты аналар, денсаулықтарында кінәраты бар қарттарға қол ұшын бергеніміз ләзім. Осы арқылы біз өз жерімізде жақсылыққа құштар жастарды тәрбиелеп, елдің ертеңіне сеніммен қарай аламыз. Біз туған жерге қызмет етуді жан-жақты қарастыруымыз керек. Жастардың қолында көп қаражат жоқ. Алайда, күш-жігер мен жаңашыл идеялар тоғысқан. Мінекей, осы арқылы біз туған жеріміздің өркендеуіне шексіз үлес қоса аламыз. Осындай туған елінің туын биікке көтеріп, күрмеуі шешілмеген мәселелердің де шешімін тауып, халыпен тығыз байланыста жүрген ауыл әкімдерінің бірі – Бейбіт Сырымбетұлы Досмұқанов. Биылғы жылы қаншама жоспарлы жұмыстары орындалып, ауыл көшелері жарықпен қамтамасыз етілді. Жол жөнделді. Ауыл іргесіндегі қоқыстар жиналып, тазаланды. «Жас келсе, іске!» дегендей ауылдарымыздың жағдайын жасауға белсене кіріскен ауыл әкіміне Алғысымыз шексіз!


**Барлық ауыл тұрғындарының атынан: Бекова Арман
Карбайқызы, Константиновна ауылы.**








QazNetEtiquette


Қазақстанда этносаралық
өшпенділік тілін жеңуге арналған
ЭТИКА КОДЕКСІ







 **МАҢЫЗДЫ**

 **Тұтас этникалық топ туралы сыртынан тон пішу дұрыс емес.** Ренжіткен адамға тікелей жауап беруге, тіпті ұрсуға да болады. Бірақ сізді ренжіткен адамның ұлтына тиіспеңіз.


 **Не жазсаңыз да қайталап оқып, нақты нысаныңызға қарата айтып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.** Сіздің шамыңызға тиген бір ұлттың барлық өкілі емес, нақты адам(дар) немесе ұйым екенін ұмытпаңыз. Қыр көрсетемін деп ренжіткен адамның ұлтынан шыққан басқа да адамдарға тіл тигізуге болмайды.


 **Ешқашан «олардың барлығына» қандай да бір күш көрсету керек деп айтпаңыз. «Барлығын елден қуып жіберу керек» деменіз немесе басқалармен салыстырғанда құқықтарын шектеп, қысым жасауға үгіттемеңіз.** Сонымен қатар зорлық-зомбылыққа және дискриминацияға тікелей үндеумен қатар, «өздері кінәлі», «өздеріне сол керек», «шаңыраққа қарап жүру керек еді» деп тұспалдап сөйлемеген жөн




QazNetEtiquette

Қазақстанда этносаралық өшпенділік тілін жеңуге арналған этика кодексі


 **Өшпенділік тілі** – нақты бір адамға емес, ортақ белгілері бар адамдар тобына қарата айтылған өшпенді ой-пікір, көзқарас, мәлімдеме. Ол сөз, кескін немесе басқа да контент түрінде болуы мүмкін. Өшпенділік тілі қандай да бір топтың дініне, ұлтына, азаматтығына, тұрғылықты жеріне, өзгеше көзқарасына және тағы басқа белгілеріне қатысты болады. Ең жиі кездесетіні – этникалық (ұлттық) белгілерге байланысты өшпенділік тілі.


 Өшпенділікті, араздықты әртүрлі тәсілмен көрсетуге болады. Сондықтан да тұтастай бір ұлтты қорлайтын әзіл-қалжыңнан бастап, қырып-жоюға, өлтіруге шақыратын, үгіттейтін сөздерге дейін өшпенділік тіліне жатады.


 Кез келген адам агрессор да, құрбан да болуы мүмкін. Өшпенділік тілі вирус секілді тез тарайды, жұғады. Онымен қоймай, өшпенділік тіліне өшпенділікпен жауап беріледі.


Өшпенділік тілінің соңы қантөгіспен аяқталуы мүмкін. Желіде сыйластықты, әдепті қалыптастырсақ, барынша мейірімді әрі өркенитетті қоғам құруға аз да болса үлес қоса аламыз.


Есіңізде болсын, сөз бостандығы – өте маңызды. Дегенмен ол абсолют ұғым емес және оның шегі бар. Өзгелердің өміріне, денсаулығына, құқығына қауіп төндірсе, сөз бостандығына шектеу қойылады.







 **МАҢЫЗДЫ**

 **Бизнес, үкіметте, шоу-бизнес, қалада және тағы да басқа жерлерде нақты бір этнос өкілдері «қаптап кетті» деп айтпаңыз.** Егер нақты бір мәселені, тіпті қауіпті көрсеңіз, онда дәл сол оқиға туралы жазыңыз, айтыңыз. Бірақ бірден ұлтын табалап, этносқа қатысты сөз қозғамаңыз.

 **Қандай да бір этностың кемшілігі немесе артықшылығы туралы жазбаңыз. Бес саусақ бірдей емес.** Жеке адамға қатысты көзқарасыңызды тұтас ұлтқа таңуға болмайды.

 **Тұтас бір халық туралы «олар қылмыс жасауға бейім», «озбыр», «басқыншы» немесе «ата жауымыз» деп айтуға болмайды.**

 **Әлдебір этносты «қоғамды бұзып отыр», «іштен ірітіп отыр», «қоғамның тұтастығын бұзып отыр» деп кінәламаңыз.** Егер мәселе көтеретіндей жағдай болса, бірден тұтас этносқа қаһарыңызды төкпей, нақты жағдайға қатысты айтыңыз.

МАҢЫЗДЫ



Қылмыстық кодексте алауыздықты қоздыру туралы бап бар екенін ұмытпаңыз. Этносаралық алауыздықты қоздыру да осыған кіреді. Әрине, кез келген өшпенділік тілі – қылмыстық құқықбұзушылық емес. Бірақ барлық жағдайда өшпенділік тілі біреудің шамына тиеді, қордалана берсе, ашу-ыза бұрқ етіп сыртқа шығады және соңы қақтығыспен аяқталады.



Өзгелердің ұлты туралы жазғанда, сөйлегенде сөздер мен сөз тіркестеріне абай болыңыз. Сөзіңіз этносты жақтырмайтыныңызды, оларды жек көретініңізді көрсетуі мүмкін, тіпті ондай этностың бар екенін жоққа шығаруы да ғажап емес.



Жазғаныңызды балалар да оқуы мүмкін екенін естен шығармаңыз. Олардың санасында әлдебір этнос туралы әділетсіз, дәйексіз, өшпенді яки жағымсыз ой қалыптасып, оны өз ортасында таратуы мүмкін.

ӨЗЕКТІ



Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің **174-бабы бойынша**, «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сенімін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау» жазаланады. Жаза – айыппұл, бас бостандығын шектеу не бас бостандығынан айыру түрінде тағайындалуы мүмкін.



Жоғарыда аталған әрекеттер әлеуметтік желілерде жасалса да қылмыс болып саналады!



Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің **453-бабында** нәсілдік және ұлт араздығын қоздыруға бағытталған мәліметтер мен материалдар қамтылған бұқаралық ақпарат құралдары өнімін тарату заңмен қудаланатыны көрсетілген. Егер әрекетте қылмыс белгілері болмаса, әкімшілік жаза тағайындалады.

Жобаны MediaNet Халықаралық журналистика орталығы Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы Өкілдігінің қаржылық қолдауымен әрі ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен серіктестікте жүзеге асырды.

ӨҢІР ТАРИХЫ — АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
М. Қозыбаев атындағы СҚУ профессоры, Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Сәуле МӘЛІКОВА,
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты.

Жалғасы.

Басы газеттің өткен № 44 санында.

1937 жылдың сәуірінен қарашасына дейін – БКП (б) Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін Сұлтан Сегізбаев атқарған, екінші хатшы М.А. Байболсынов болды. С. Сегізбайұлы Түркістан өлкесі, Ташкент уезі, Аққорған болысының Жағалбайлы қыстағында туған, қазақ. Жоғарғы Кеңестің депутаты және 1-ші шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесі (1937-1938 ж.ж.) Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары болды. 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған. Көп ұзамай оның орнына 1937 жылғы 3 қарашада бірінші хатшылыққа компермяк ұлтының өкілі Николай Кузнецов (1898-1967 ж.ж.) тағайындалған.

Н.С. Кузнецов 1936-1937 жылдары Қазақстан КП (б) Қостанай аудандық және облыстық комитеттеріне басшы болды. Облыс басшысы қызметінде жүріп азаматтардың, соның ішінде коммунистердің жаппай қуғын-сүргінге ұшырауы жөнінде елдің басшыларына (И. Сталин мен Г. Маленковқа) ауызша және жазбаша арызданады. Заңсыз тұтқындалғандарды жергілікті Ішкі істер халық комиссариатының бөлімшесі қапастарынан босатуға тікелей атсалысады. Солтүстік Қазақстанның облысынан бірінші шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады (1937 жылы). Алматыға қызмет бабымен барғанда Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД) органдары тұтқындап, ұзақ уақыт бойы түрмеге қамалған. Кейін 1938 жылдың 2 шілдесінде Петропавл қалалық комитетінің шешімімен “халық жауы” ретінде партиядан шығарылған.

Партия басшыларына қарсы жаппай репрессияны айғақтайтын партиялық органдардың құжаттары, асығыс қабылданған шешімдер, тұтқынға алу, жұрт алдында кінәлау және басқа нышандағы білек күші мен рухани террорлар туралы нақты деректер партия органдарының құжаттарында сақталған.

1937 жылдың 1 мамыры мен 1938 жылдың 1 мамыры аралығында 629 адам партиядан шығарылып, 567 адамға “халық жауы” деген айдар тағылған. Барлығы 7 мыңнан астам солтүстікқазақстандық саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Олардың қатарында: В.Г. Барлебен, А.Н. Сырғабеков, С. Сейфуллин, Ә. Әйтиев, М. Жұмабаев, Ф.Т.Рузаев, П. Лазутин, М.К. Аммосов және т.б. көптеген қызметкерлер болған. “Рассвет” колхозында Д. Левухин, А. Бурсов, С. Прокурин, “Қызыләскер” совхозының саяси бөлімінің бастығы Пушин, колхоз күзетшісі Нетесов қамауға алынған. Петропавл депосының барлық басшылары, инженерлер – Павлов, Мужиков, Лившиц, Мецлер және басқалары тұтқындалған. Қатардағы, шала сауатты коммунистердің кейбіреулері күшті насихаттың алдауына еріп, жазықсыз жандардың қаны төгілуіне себепкер болған. Ауылдардағы партия жиналыстарында коммунистер егін жиналмай қалса, сүдгігер жырту ұзаққа созылса, бұған “халық жаулары” кінәлі деп, оларды әшкерелеуге шақырды. Ендігі жерде шаруашылықтағы кемшіліктің қандай болсын зиянкестік деп қаралды.

Насихат құралдарының барлығы да ішкі істер органдары халықтың зұлым жауларымен аяусыз күрес жүргізіп жатыр деп, қоғамдық пікір туғызуға бағыт ұстады. Облыстық “Ленин туы”, “Ленинское знамя” газеттері 1937-1938 жылдары “Фашистік жалдамалылардың жан түршіктіретін қылмыстары”, “Петропавл

депосындағы троцкизмнің тамырына балта шабылсын”, “Жау қолындағы мектеп”, “Отанға опасыздық жасағандарға өлім кесілсін” деген сияқты тағы басқа тақырыптармен мақалалар беріп тұрды. Газет беттері қалалар мен ауыл-селоларда партия органдарының ұйымдастыруымен көп адам қатысқан митингілер өткені туралы хабарларға толы болды. Пима басу зауыты ұжымының жиналысында қабылданған қарарда: “Фашистік жалдамалылардың өлтірілуін талап етеміз”, делінген. Ет комбинатында болған митингінің қарарында: “Ең жоғары жазалау шарасын талап етеміз”, – деп айтылған. Колхозшылар колхоз құрылысы жауларының атылуын талап еткен.

Адамдардың көңіліндегі күдікті сейірту және Ішкі істер ХКК-ның органдары тек қана “халық жауларын” жазалайды деп көрсету үшін, Мәскеудің өнегесімен Қазақстанда бүкіл республиканы шұлатқан үш бірдей – Қарағанды, Үржар және Преснов ашық сот процестері ұйымдастырылды.

1937 жылы 22 мамырда Солтүстік Қазақстан облыстық ІХК-ның Солтүстік Қазақстан басқармасы Преснов ауданының бір топ жауапты қызметкерлерінің үстінен: В.С. Конюхов – аудандық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы, Кәрім Қапаров – аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы, Нияз Оразбаев – аудандық оқу бөлімінің бұрынғы меңгерушісі, Қасен Фазылов – ауданның бұрынғы прокуроры, Әлімбек Майкетов – бұрынғы халық соты, Савелий Калугин – аудандық жер бөлімінің бұрынғы меңгерушісі, А.М.Гоменюк пен И.И. Гребешок бұрынғы колхоз төрағаларына қылмыстық іс қозғады. Алдын ала тергеу кезінде бұлардың барлығына да Кеңес үкіметін құлатуға, капитализмді қайта орнатуға, Қазақстанда Кеңес одағынан бөліп әкетуге бағытталған контрреволюциялық, ұлттық-фашистік жұмыс жүргізді деген айып тағылды. Жауап алу хаттамаларынан, сотталушылардың сот үстінде жасаған мәлімдемелерінен көрінетіндей, жендеттер ұрып-соғу, қорқытып-үркіту сияқты тәсілдердің барлығын да қолданып баққан. Алайда, тергелушілер көрген қорлықтарының барлығына да ерлікпен шыдап, өздеріне тағылған былғанышты айыптауларды мойындаудан бас тартқан. Әсіресе, ерекше рөл Қапаровқа дайындалып қойылды. Түрлі қинау барысында оған жолдастарына жала жабуды ескертті. Бірақ сот үстінде Қапаров не болса да жала жабудан бас тартқан. Сот жоспарланғанның бұрын өтіп, облыстық соттың арнайы алқасының сессиясы 1937 жылы 3 қазанда үкім шығарды. В.С. Конюховқа, К. Қапаровқа, Н. Оразбаевқа, К. Фазыловқа ең жоғарғы жаза – ату жазасы берілсе, қалғандарын 8-10 жыл мерзімге түрмеге қамады.

КСРО Жоғарғы Сотының 1959 жылғы 23 қазанда өткен пленумы КСРО Бас прокурорының наразылығын қарай келе, В.С. Конюхов, К. Қапаров, Н. Оразбаев, К. Фазылов, Майкетов, Калугиннің, Гоменюктің, Гребешковтың ісі бойынша олардың әрекеттеріне қылмыс құрамының болмауы себепті Солтүстік Қазақстан облыстық сотының 1937 жылғы 3 қазанда шығарған үкімінің күшін жойды. Контрреволюциялық, ұлтшыл-фашистік ұйымдар облыстық және Қазақстанның бірде-бір ауданында болған емес, мұны 1957-1990 жылдары қаралған қылмыс-тық істер дәлелдеп отыр. Өкінішке қарай, бұлардың барлығы да дерлік көз жұмғаннан кейін ақталды.

(Жалғасы газеттің келесі санында.)



Тайынша қаласында, шынымен де жаны жайсаң, жүрегі жаралы жандар өмір кешіп жатқан әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бар. Орталықтың атауы, кадр құрамы өзгерсе де, әлеуметтік қорғау қызметі еш өзгермей, орталық қызметкерлері мұқтаж адамдарға уақытында қажетті қызмет көрсетіп, оларға сенімділік, мейірімділік пен қолдау сыйлауда.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 234 адам еңбек етеді. Қызмет түрін алушылардың көңіл күйі олардың мамандармен өзара қарым-қатынасының қаншалықты сеніммен орнатылғанына байланысты.

Ұжымда әлеуметтік жұмыс бойынша жұмыс жасайтын азаматтар – қызметкерлер бар. Әлеуметтік қызметші дегеніміз – ол осы «өзге» әлемнің бір бөлігі ретінде оның адамдарымен танысып, олармен бірге қуанып, қайғысына ортақтаса алатын адам. Бұл орталықтағы жандар психикалық аурумен ауыратын, әлсіз, тез ренжитін, өзіне тұрақты назар аударғанды талап ететін адамдар. Әрбіреуінің өзінің мінез-құлқы, өзгеше өмірі мен тағдыры бар. – Біздің қарамағымыздағы әрбір жанның бабын тауып, оларды түсініп, жағымды эмоцияларға тарта білу керек – дейді орталық директоры Журавлёва Людмила Николаевна. Бізде өз ісін білетін мамандар жұмыс істейді, олар біреудің қайғысына немқұрайлы қарамай, ешкімнен өз еңбегі үшін алғыс күтпей еңбектеніп келеді. Олар адамға көмек көрсетуді жай ғана жұмыс емес, азаматтық парыз деп қабылдайды. Әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлерінің негізгі жұмысы – қызмет алушылар өздерін орталықта өз үйлеріндей болмаса да жайлы сезінулерін қамтамасыз ету. Орталықта денсаулық жақсартуға бағытталған дәрігерлік көмекке ерекше орын беріледі. Медициналық персонал тәулік бойы адамдардың денсаулығын тексеріп, ем-шаралар қолданады. Жыл сайын тереңдетілген медициналық тексеру өткізіледі. Мекемеде физиокабинет, зертхана, ем-дом және стоматологиялық кабинеттер жұмыс жасайды. Тәжірибелі аспаздар мен асхана қызметшілері дәмді тамақтар әзірлейді. Ал, калория мен дәрумендерді есептеп, тағам дайындауды, диетамен тамақтану барысын арнайы медбике бақылап отырады. Шаруашылық бикелері мен кір жуушылар, санитарлар мен ваннашылар, кіші медициналық персонал тазалық пен тәртіп, жайлылық орнатады. Олар күн сайын әлеуметтік тұрмыстық қызметтер көрсетеді, үй жағдайына жақын жағдайлар орнатуға тырысады. Орталықта еңбек терапиясына көп көңіл бөлінеді. Қызмет алушыларды еңбекпен оңалту – жақсы өмір сүруді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады. Еңбек терапиясының мамандары аспаздық жарыстар мен қолөнер көрмелерін ұйымдастырады. «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына сәйкес 8 бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде. Бағыттың бір түрі-әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер. Орталықтың тұрмыстық жағдайлары үй жағдайына барынша жақын: әрбір қызмет алушы үшін тұрғын алаң, санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес келетін, заманауи жиназбен жабдықталған жатын бөлмелері ұсынылған, сондай-ақ қызмет алушылар белгілі бір уақытта теледидар көре алатын, дойбы ойнай алатын немесе жай ғана ыңғайлы диванда демалатын арнайы жабдықталған бөлмелерде бос уақытты өткізуге жағдай жасалған. Орталықта шаштараз қызметтері ұсынылатын тиісті жабдықтары бар мамандандырылған шаштараз бөлмесі бар: кез-келген іс-шараға шаш қию, бояу және сәндеу, ер адамдарға қырыну сияқты жеке бас гигиенасын сақтауға барлық жағдай жасалған.

Әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету шеңберінде жыл сайын қызмет алушылар медициналық тексеруден өтеді және флюорографиялық тексеруден өтеді. Иммунитетті арттыру және вирустық аурулардың алдын алу үшін күн сайын кестеге сәйкес қызмет алушылар

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ЖҮРЕГІ ЖАРАЛЫ ЖАНДАР

галокамераға барады. Мекемеде мамандандырылған кабинеттер бар: физиотерапия, зертхана, стоматологиялық кабинет, гинекологиялық кабинет және массаж кабинеті.

Орталықта жіліншік протездері, кеуде протездері, жаяу жүргіншілер, протездік-ортопедиялық аяқ киім, таяқтар, балдақ сияқты техникалық және көмекші құралдармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік-психологиялық қызметке сәйкес психологиялық диагностика және жеке тұлғаны тексеру жүзеге асырылады, оның негізінде бұзылған процестердің дамуы, қалпына келуі немесе өтелуі туралы болжам жасалады. Жүйелі бақылау мақсатында әлеуметтік-психологиялық патронаж жүргізіледі. Мінез-құлықтың әлеуметтік құнды нормаларын қалыптастыру, танымдық саланың коммуникативті функцияларын дамыту мақсатында психологиялық тренингтер өткізіледі. Арнайы жабдықталған сенсорлық бөлме бар, онда релаксация сеанстары, қозғалтқыш сферасы мен моториканы түзету бойынша сабақтар өткізіледі. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер аясында мекемеде компьютерлік сауаттылық сыныбы мен кітапхана жабдықталған.



2022 жылдың басында Қазақстан республикасы президентінің Жарлығы бойынша «Халық алғысы» медалі Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларында жемісті жұмыс істейтін, сондай-ақ пандемиямен күресте ерекше көзге түскен Қазақстан Республикасының азаматтарын көтермелеу мақсатында бірқатар азаматтарға тапсырылды. Солардың қатарында Журавлёва Людмила Николаевна болды.

Қызмет алушылардың денсаулығын сақтау үшін спорттық іс-шаралар өткізіледі, волейбол, баскетбол, футбол, теннис, дарц, дойбы, шахмат секциялары құрылады, түрлі эстафеталар мен жарыстар өткізіледі.

Орталықта тренажер залы жабдықталған және орталық аумағында көше тренажерлері орнатылған. 2022 жылы қызмет алушылар Петропавл қаласында өткен волейболдан қазақстандық Арнайы олимпиаданың облыстық турниріне қатысып, бірінші орынға ие болды; мүмкіндігі шектеулі жандар үшін «Надежда» облыстық спартакиадасына қатысты.

Әлеуметтік-еңбек қызметтері шеңберінде қызмет алушылар «тігін іс», «ағаш ұстасы іс»; «қол шеберлігі»; «Стринг-Арт», «Лозоплетение», жазғы кезеңде агротерапиямен айналысады. Тоқсан сайын қызмет



алушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады.

Қызмет алушылардың жалпы және мәдени көкжиегін кеңейту үшін әлеуметтік-мәдени қызметтерге барады. Көркемөнерпаздар үйірмелері де бар.



Әлеуметтік – экономикалық қызметтер және әлеуметтік – құқықтық қызметтер шеңберінде көрсетілетін қызметтерді алушыларға заңдық сипаттағы құжаттарды ресімдеуге жәрдем көрсетіледі, жаңадан келіп түскен көрсетілетін қызметтерді алушыларға қорғаншылық белгілеуге құжаттар ресімделеді және халыққа қызмет көрсету орталығында өзге де қызметтерді алуға көмек көрсетіледі

Мекемеде 234 адам жұмыс істейді. Әлеуметтік дамуға қосқан елеулі үлесі, мекеменің қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін атап өткім келеді: палаталық санитар А. Ж. Сейтуаров, палаталық санитар И.А. Духова, медбике О. Таласбай, палаталық санитар М.С. Сәлімов.

Газет тілшілерімен сұхбат барысында, Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерінің мерекесі қарсаңында орталық директоры Журавлёва Людмила Николаевна әлеуметтік қорғау орталығының ұжымын Республика күнімен шын жүректен құттықтап, бәріне мықты денсаулық, отбасында береке-бірлік тіледі. Біз де, әсіресе, осы еңбек ұжымы мен орталықтағы шынайы қамқорлықты қажет ететін азаматтар мен азаматшаларға өзінің еңбегі мен мейірімін, жан жылуын сөзбен жеткізе білетін білікті басшыға және осы ұжымда еңбек атқаратын мейірімді жандарға айтарымыз: Асқан жауапкершілікті талап ететін қиындығы мол осы жұмыстарыңызда сәттілік, шыдамдылық тілейміз!

2022 жылғы қарашада
аудандық мәслихаттың хатшысымен,
облыстық және аудандық мәслихаттың
депутаттарымен азаматтарды қабылдау
кестесі

№ п/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	2 қараша
2	Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның директордың медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары	3 қараша
3	Гүлнүр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданының білім бөлімінің әдіскері	4 қараша
4	Руслан Елшібайұлы Егінбаев — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	14 қараша
5	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	15 қараша
6	Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Техтаброд-ТМ» ЖШС-нің бас директоры	17 қараша
7	Николай Николаевич Трифонов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	21 қараша
8	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	23 қараша
9	Данияр Келденбекұлы Жақыпов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	24 қараша
10	Александр Владимирович Кершис — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	25 қараша
11	Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	28 қараша
12	Бауыржан Маратұлы Мерғасимов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	29 қараша
13	Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	30 қараша

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 3 «А», «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы. Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін. Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы — 22047.

ДАУДЫ ШЕШУДІҢ БАЛАМА ТӘСІЛІ

Құқықтық саясат тұжырымдамасы мен 100 нақты қадамнан құралған Ұлт жоспарында мемлекеттік қызметті халыққа барынша жақындатудың, сот, құқықтық құралдамаларды жаңғыртудың барлық тетіктері қарастырылып, нақты бағыт – бағдар берілген. Осы құжаттар бойынша жұмысын жүйелеген сот құрылымдарында қазір азаматтарды әуре – сарсанға салмай, дауларын жедел де әділ бітірудің жолдары қарастырылып келеді. Соның ішінде медиацияны қолданудан ұтарымыз көп.

Медиация – дауды шешудің балама түрі. Медиатордың білімі мен біліктілігін, тәжірибесінің арқасында дауласып жүрген екі тарап пайдалы шешімге ерікті түрде келеді. Медиацияның мақсаты – дауды шешуде екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізу, сондай – ақ, дауласушылық деңгейін төмендету. Медиация туралы заң күшіне енгелі бері бітімгершіліктің, келісімге келудің тиімділігін түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Тараптардың бірі мемлекеттік органнан болса онда бұл заңның рәсімі қолданылмайды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына, мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстарға бұл тәсіл қолданылмайды. Медиатор болудың да өз тәртібі бар. 40 жасқа толған және қәсіпқой емес медиаторлар тізімінде тұрған тұлғалар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады.

Дауды шешудің озық әдісі бітімгершілік екенін бүгін де жұртшылық көріп, біліп отыр. Тағы бір артықшылық, кішігірім келіспеушіліктің бітімгершілікпен шешілуі қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етуде. Бұл адамдардың уақытын үнемдеп, сот жағдайында орын алатын материалдық моральдық қиындықтардан құтқарады.

Мемлекеттің іргетасы тұрақтылықтан басталады, тұрақтылық ол бейбітшілік, бейбітшілік ол бітімгершілікке келу.

Тайынша ауданы сотының аға сот приставы
М. Исаев.

ЕРЕКШЕ АЛҒЫС АЛАТЫН МАМАНДЫҚ



Бүгінгі күні жас талғамайтын дертке шалдыққан балақайлар мен жалғыз өмір сүруге мәжбүр қарттар қатары аз емес екені – ащы да болса шындық. Бұл жандарға қолайлы жағдай жасау, қамқорлық пен мейірімділік таныту – қоғамның басты міндеті. Қазіргі таңда Тайынша аудандық халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мамандары тағдыр тауқыметіне тап болған осындай тұрғындарға жан-жақты көмек көрсетуде.

Жүгі ауыр көшті бастап «Әлеуметтік қызметкер» атағын абыроймен атқарып, барлық жан дүниесімен іске белсене кірісетін бұл сала мамандарының еңбегі өлшеусіз. Олар үшін өзгенің мәселесі деген ұғым жоқ. Керісінше, қиналған адамды көрсетсе, көмекке әрқашан дайын тұрады. Бүгінгі қоғамда осындай жандардың бары қандай бақыт десеңізші!

Ләззат Көккенқызы халыққа қызмет көрсету орталығында 2011 жылы ашылған бері жұмыс істейді. Ләззат Сәдуақасоваға сеніп тапсырылған бағыттардың бірі – экономикалық потенциалы төмен ауылдардан адамдарды көшіру болды, біздің ауданда ондай ауылдар жетерлік. Кеңес, Жарғайың, Бірлік, Глубокое, Мирное, Тапшыл. 2016 жылы жағдайы қиын аумақтардан қандастарды көшіру бағдарламасы іске асырылды.

- Мен осы бағытта 2018 жылға дейін жұмыс істедім. Осы уақытта шамамен 100-ден астам отбасын көшірдік. Әрбір отбасы – бір тағдыр. Көбімен осы күнге дейін араласып тұрамын, деп ол өткен жұмыс күндерін еске алып отырады.

Л.Сәдуақасова әрқашан адамдарға жақсылық жасауға



ұмтылып тұратын ерекше жан. Кез келген уақытта, тіпті жұмыстан басқа уақыттарда да жұмыс бойынша ақыл – кеңес беруден жалықпайды.

Ләззат Сәдуақасова зейнеткерлікке шығар жасқа да келіп жетті. Алдағы зейнеткерлік демалысында, әрине, қол қусырып отырмайды, демалысқа шыққанда немен айналысатынын белгілеп те қойды. Зейнет жасыңыз құтты болсын. Әлі де болса еңбек етіп, биік белестерден көріне беріңіз. Ал, Денисюк Наталья Анатольевна болса, осы мекемеде 1998 жылдан бері жұмыс істейді. Айтарлықтай 24 жыл бір орында еңбек ету – маманның тұрақтылығын, жауапкершілігін, сенімділігін білдіреді. Ол әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің, әлеуметтік қызметші мәртебесінің өзгеруін көрді. Әрине, осы уақытта бухгалтер жұмысы түбегейлі өзгерді. Бұрын барлық ақша ағыны есепшоттарда есептелетін. Менде үлкен есеп кітабы болатын, алдымен еңбекақыны төлейтінмін. Бухгалтерге көмек ретінде арнайы 1С, О14, О5 бағдарламалары жасалды. Қажетті құжат электронды үкімет порталы арқылы рәсімделеді, ал балық төлемдер мен аударымдар біз арқылы өтеді, бұл АДК алушылар, 15 мемлекеттік қызмет, қызметшілердің еңбекақысы. Наталья Анатольевна әрқашан жұмысқа зор қуанышпен барады, өйткені оған сандармен жұмыс жасаған ұнайды. Бухгалтерия – ол нақтылық. Егер бір санды жоғалтып алсаң, бәрін қайта бастайсың, ал тапсаң – қуанасың. Уақыт жылжып өтіп жатыр, 24 жылға еңбегіде енді өткен күннің сағынышпен еске алар белестері болып қала бермек.

МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ПАЙДАСЫ

Осыдан екі жыл бұрын елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілген болатын. Бүгінде ол жүйенің тиімділігі байқала ма? Жұртшылықтың бір бөлігі сақтандырылмаған. Төлейтіндер арасында «не үшін жарна аударамыз?» деген сауал да бар. Осы және өзге де оқырмандар тарапынан туындаған сауалдарды ескере отырып, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мәліметтерін көпшілік назарына ұсынамыз:

- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматтарына, жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты жері мен табысына қарамастан, медициналық және фармацевтикалық көмекке тең қолжетімділікке кепілдік береді. Жарналардың болуы – міндетті шарт. Төлем соңғы 12 ай қатарынан төленуі керек не болмаса азаматтарға 12 айды алдын ала төлеп қоюына мүмкіндіктері бар. Осылайша, азамат тегін медициналық көмекке ие болады. Мысалы, жергілікті тұрғын ауруханаға барған кезде 12 айдың тек 11 айына ғана төлемдері болса, сол бір ай төлемі болмауы себебінде медициналық қызмет көрсетілмейді. Өзіңіз үшін МӘМС-ке төлемді екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ, Kaspi.kz, TengriBank мобилді қосымшалары арқылы аудара аласыз. Сондай-ақ, Qiwi әмиян терминалдарымен төлем жасау мүмкіндігі бар. Төлем үш-бес банктік жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Қазіргі таңда мобилді қосымшалармен төлеу әлдеқайда оңай. Алдымен «төлемдерге» кіріп, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар» өтіп, ЖСН теріп, ақы төлеу кезеңін көрсетуіңіз шарт. Осылайша, әр айдың төлемін жасай аласыз.

- Ал сақтандыруы жоқ адамдар дәрігер қарауына бару үшін не істеуі керек?

- Сақтандыруы жоқ азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне құқығы бар. Бұл санатқа төтенше жағдайларда медициналық көмек, үчаскелік маманның қабылдауына жазылу, шұғыл операциялар, әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу жатады. Мұндай жағдай болмаса, тегін медициналық көмек аламын деген емделушілердің барлығы сақтан-дыру қорындағы төлемдерін жабуы керек. Содан кейін дәрігер қарауына тегін жүгіне алады.

- Биыл МӘМС төлемдері бойынша өзгерістер енгізілген болатын. Ол қандай өзгерістер? Сақтандыруы жоқ азаматтар жарнаны алдын ала төлеп қоюына бола ма?

- Бүгінде жарналарды әр-біріміз өз-імізге ыңғайлы түрде төлей аламыз. Ай сайын, тоқсан сайын жүйелі түрде төлеуді жалғастыруға болады немесе 12 айға бірден төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Еске салайық, осы жылы қаңтардан бастап жұмыс берушілердің аударымдары бір пайызға ұлғайды. Яғни, жұмыс беруші қызметкері үшін жалақы деңгейінің 3 пайызын төлейді. Қызметкерлер мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарға сәйкес табыс табатындар өз табысының екі пайызын төлейді. Атап өтер болсақ, жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын азаматтар 4200 төлес, дербес төлеушілер үшін жарна сомасы 3 мың теңгені құрайды. Расымен де, «бүгін сау жүрмін» деп айтуға болмайды. Адам баласы болып жаратылғаннан соң, жеңіл вирустық аурулар болса да денсаулық сыр береді. Одан соң дәрігерге қаралу қажет. Екі аяғымыз бір етікке тығылмауы үшін, ертеңгі күнімізді бүгін ойлауымыз керек.

- Көпшілік тарапынан жиі туындайтын сұрақ: «Ай сайын жарна төлейміз. Бірақ емханаға мүлде бармаймыз. Олай болса, не үшін жарна төлеуіміз керек?» дегенге саяды. Бұған не уағайтамыз?

- Жоғарыда айтып өткенімдей, сіз де, мен де ертеңгі күнімізді ойлап жүріміз абзал. Мұны санасы бар адам дұрыс түсінеді деген

ойдамын. Оның үстіне жылына бір мәрте денсаулықтарыңызға мән беріп, медициналық тексерулерден өтіп отырғаныңыз жөн. Қазіргі таңда анализдерді тапсырудың өзі тегін емес, сондықтан жарнаны алдын ала төлеп, сапалы әрі тегін емге барыңыз.

- Әр ай сайын еңбекақыдан жарна ұстайды. Соның есебінен кейбір медициналық қызметтер тегін көрсетілуі тиіс. Бірақ басқасын айтпағанда, тұмауға қарсы екпе алу ақылы. Неге?

- Тұрғындардың жекелеген топтарына арналған барлық міндетті егулер жергілікті және республикалық бюджеттер есебінен тегін жүргізіледі. Оның ішінде профилактикалық егулердің белгіленген мерзімдеріне сәйкес жасы бойынша адамдар, кәсіби қызметінің сипаты бойынша тәуекел тобына жататын тұлғалар, медицина қызметкерлері, денсаулық жағдайына байланысты тәуекел тобына жататындар, медициналық ұйымда диспансерлік есепте тұрған балалар, медицина қызметкерлері, балалар үйлерінің, қарттар үйлерінің контингенті, эпидемиологиялық көрсеткіштерге байланысты жұқтыру қаупі жоғары адамдар бар.

- Сақтандыру аясында ақысыз көрсетілуі тиіс қызметтер тізімін қайдан және қалай көре аламыз?

Әрбір адам сақтандыру аясындағы ақысыз көрсетілуі тиіс қызметтердің тізімін медициналық сақтандыру қорының Fms.kz веб сайтынан оқып, таныса алады.

- Ауыл адамдары ай сайын жарна төлейді. Бірақ, кейбір аппарат пен қызметтердің, дәрі-дәрмектің ауылдық-аудандық ауруханаларда болмауы салдарынан облыс орталығындағы жеке меншік емханаларда ақылы қаралуына тура келеді. Бұл қаншалықты дұрыс?

- Жыл сайын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында барлық ауруханалар тегін берілетін дәрі-дәрмекпен қамтылып отырады. Бұл жағынан ешқандай мәселе жоқ десек болады. Ал ауыл-аймақтарда аппараттардың болмауы мүмкін. Өйткені, бүгінгі таңда қымбат КТ, МРТ құрал-дары қала емханаларында орнатылған. Естеріңізге сала кетейік, медициналық сақтандыру қорының сайтынан сан сауалдың жауабын таба аласыз. Мұнда сақтандыру қорымен келісімшарт жасалған жекеменшік аурухана тізімі жасакталған. Алдымен тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелген ауруханаға барып, «жолдама» алып, тізімде бар жекеменшік медициналық ұйымға тегін қаралуға болады.

- Егер жүкті әйелдер жұмыссыз болса, олардың сақтандырылуы қалай жүзеге асады?

- Жұмыс істейтін әйелдер үшін жарна олардың жалақы мөлшерінің 2 пайызынан түседі. Жұмыс беруші салық салынатын кірістің екі пайызы мөлшерінде аударымдар төлейді. Декреттік демалысқа шыққаннан кейін, әйел табысын алуды тоқтатады және ол үшін енді жұмыс орнынан зейнетақы, әлеуметтік аударымдар түспейтін болады. Осыған сәйкес ол «жұмыс істемейтін жүкті әйел» жеңілдік санатына қосылады. Бұл кезеңде мемлекет болашақ ана үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлейді. Егер төлемдер болмаса, «Сақтандырылған» мәртебесі үш жұмыс күні ішінде автоматты түрде беріледі. Бұл ретте, жұмыс істемейтін жүкті әйелдің өткен кезеңдері үшін қарызы болса, оны өтеудің қажеті жоқ. Алайда, жеңілдік мәртебесін жоғалтса, онда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалану үшін алдымен қарызды өтеп, үнемі жарна төлеуді жалғастыру керек.

- Сақтандыруы жоқ адамдар дәрігерді үйіне қалай шақыра алады? Диспансерлік тізімде тұрғандары ше?

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілгеніне сәйкес үйге үчаскелік дәрігерді шақыруға құқығы бар. Тек қана бұл азамат өз емханасында тіркеуде болуы қажет.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

«ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА»...



Ұстаз-адам бағдарын жасаушы. Ұстаз болу-жай ғана мамандық емес. Ол басқа мамандықтарға қарағанда, ең қиыны, ең ізгілікті мамандықтардың бірі. Адам жанын нұрландыратын да, шабыттандыратын да ұстаз.

Әр шәкірттің жүрегіне нұрын себетін аяулы тұлға боп саналады. Біз, ата-аналар сондай аяулы ұстаздардың бірі, қаладағы №5 қазақ орта мектебінің 4ә сыныбының жетекшісі – Зейнулина Сания Оралқызы деп білеміз. Ол қазіргі заманның талабынан қалмай үнемі ізденісте жүретін шығармашыл ұстаз. Әр сабағында оқушыларының қызығушылығын, белсенділігін арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып жүрген жаңашыл ұстаз.

Еңбек жолында талай жетістіктерге де қол жеткізді. Сания Оралқызы заман талабына сай, қоғамға лайықты білімді де, білікті ұстаз. Қарашаның 4 жұлдызы біздің сүйікті ұстазымыздың туған күні.

ҚЫМБАТТЫ САНИЯ ОРАЛҚЫЗЫ!

Сізді 50 жас мерейлі жасыңызбен, туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз біз үшін және біздің балаларымыз үшін ерекше, биік тұлғасыз! Сізге және отбасы жақындарыңызға мықты денсаулық, шаңырағыңызға тыныштық пен жайлылық тілейміз! «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», - дегендей, еңбегіңізге сәттілік, шығармашылық шабыт тілейміз. Шәкірттеріңізбен мақтанатындай, сіздің тәрбиелеген, білім берген шәкірттеріңіз келешекте бір-бір маман иесі болсын. Туған күніңізбен!

Ақ тілекпен: 4ә сыныбының ата-аналары.



• Көпшілік Назарына!

COVID-19 ҚАНДАЙ АУРУЛАРДЫ ҚОЗДЫРАДЫ?

Индетпен арпалысып өмір сүргелі де екі жылға жуықтап қалыпты. Осы уақыт ішінде қаншама адам аурудан жазылып шықты дегенмен, оның салдарымен күресуге көп күш жұмсауға тура келуде.

Нұр-Сұлтан қаласы Universital Medical Center корпоративтік қорының республикалық диагностикалық орталығындағы мамандар SARS-CoV-2 вирусының адам ағзасының қай тұсында осалдық бар екенін жазбай табатынын айтады. Біреудің жүрегі әлсіз болса, біреудің жүйке жүйесі осал, ал тағы біреудің тыныс алу, зәр шығару, асқазан-ішек құрылысы, сусамыры, қалқанша безі вирусқа қарсы тұра алмайды. Қысқасы не керек, бұл вирус ұйықтап жатқан небір дерттерді, онкоауруларды, тіпті пәленбай

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ!

Ана... Жүрекке тым жақын, нәзік үн. Менің жүрегімде ойып, орын алып кеткен жан жүрегім Анашым... Сіздің әрбір даусыңыз, айтқан ақылыңыз бен көз алдымнан кетпейтін жарқын бейнеңіз жаңғырып санама нұр себуда.. Іздеймін... Сағынамын. Құшақтап құшағыма қысқым келеді. Өмір қысқа болсада жеткен жетістіктерімді көрсеткім келеді... Әттең... Амал не?... Жанымда жоқсын Жан Ана. Тағдыр бізді осылай сынған болар. Бірақ бір өкінетінім, Анасы жанында жүрген жандарға қарап, өмір неге сонша қатал деп налимын... Мама сізді жиі сағынамын, жан сырыммен



бөліскім келеді. Міне бүгінде сіздің бұл өмірден өткеніңізге 5 жыл болыпты. Сіздің орныңыз ерекше. Шіркін, қазір жанымда болсаңыз ғой, аяулы анашым, менің!

Отбасында аяулы анамыз, немерелерінің сүйікті әжесі болған

Шаяхметова

Кұлпан Қомпайқызы

осыдан 5 жыл бұрын, қазанның 30 жұлдызында дүниеден озды. Ол небары 69 жыл ғана өмір сүрді... немерелерінің қызығын көріп, ерекше қуанышқа бөленер шақта ортамыздан кетіп қалғаны, өкінішті.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Анашым, өзіңді сағынып, еске алғанда!

Бәйтеректей әулетке сая болған,
Бәрінен де мейірімін аямаған.
Жаннатта жаның болсын, рухың биік,
Өзіңдей қайда бізге аяулы адам.

Қол жайып «Әумин» — деп бата оқып,
Жүреміз талай барып қабіріңе!
Мейіріммен жымиған күлкіңізді,
Еске алып, мәңгілікке сағынамыз.
Жатқан жерің, жан ана, жайлы болып,
Сәуле шашып тұрсыншы қабіріңде.

Сағынышпен еске алушылар: балалары. Тайынша қаласы.

жыл бар-жоғы белгісіз болып келген әлдебір генетикалық ақауды оятып, адамның аяғын әлтектәлтек бастырып жібереді. Пациент жазылып шыққаннан кейін оның ағзасына коронавирустың тигізетін әсерімен күреспесе болмайды. Адамдардың мән бермей, кейін өздігінен қалпына келер деген үміттері ақталмай қалуы әбден мүмкін. Сондықтан дер кезінде дәрігерге қаралып, ауру меңдеп, тереңдеп кетпеуінің алдын алған абзал. Қош, сонымен дәрігерлерге кезек берейік.

Неврология бөлімінің меңгерушісі Гүлжан Жоламанова ғалымдар зерттеулер арқылы вирус жұғуының әсерінен болған асқынулармен қатар, оның психоэмоционалық жүгінен тыс, орталық нерв жүйесіне зардабы бар екенін анықтағанын айтты.

– Адамдардың жүйке жүйесі 10 жыл шамасында қартайып, когнитивті функциялары төмендеп, есте сақтау қабілетіне айтарлықтай нұқсан келеді, дәл осы мезгілде дәрігерге қаралудың маңызы өте зор. Адам егер бұрынғыдай емес, жадының тозып бара жатқанын байқаса, ұялмай өзі немесе жақындары ол адамды дәрігерге алып келгені жөн. Кейде ол баста кистаның болуынан, әлде бір ісіктің әсерінен орын алуы мүмкін. Зерттей келе табиғатын тану арқылы манипуляция жасалады. Мәселен, ісікті, кистаны алып тастаған соң, қажетті терапиядан соң есте сақтау қабілеті қалпына келеді. Өткенде ғылым кандидаты, салиқалы кісі келіп жадының тозуына шағым айтты. Әңгімелесу барысында ғылыми тұрғыда ойлай алатын қабілетті адамның жаңа ғана айтылған кейбір жайтты қайтып есіне түсіре алмауын, қарапайым сағаттың суретін сала алмағанын көрдік. Ал мұндай ауру белгілері байқалғанда, оның 1 және 2-кезеңдерін емдеп жазуға болады. 3-кезеңде келсе жазылуы қиын, пациент біреудің қолына қарап қалады. Тамақ ішуі, киінуі, жүріп-тұруы мен өзге де өмірлік қажеттілігін өтеуді өздігінен атқара алмайды. Ересек адам бір жасқа дейінгі нәрестенің күйін кешеді. Бұл, әрине, өте қиын жағдай ғой. Сонымен қатар постковидке тән тағы бір сипат – адамдардың бой-ның қорқыныш билеуі, ұйықтай алмауы. Бұлардың барлығы ісіз өтпейді. Сондықтан осы кезеңдерде психологтер мен массаж жасаушылардың жұмыстары да көбейді. Тіпті SARS-CoV-2 медицинада аты бар болғанымен күнделікті дәрігерлік практикада кездесе бермейтін ауруларды су бетіне қалқытқандай алып шықты. Атын естігеніміз болмаса, өмірі емдеп көрмеген ауру шыққанда емін қайтеміз деп әдебиет издестіруге мәжбүрледі, – дейді Гүлжан Мұслиманбекқызы.

Дәрігер вирустың нейрондар қызметіне, нейротрансмиттер метаболизміне кері әсер етумен қатар, нерв жүйесіндегі қабынудан, ишемиядан тромбылар түзіліп, адам ағзасы зардап шегетінін айта келе, пациенттердің 10 күннен артық өзін өзі оқшаулауда болуының сератонин, дофамин, адреналин тәрізді маңызды нейромедиаторлардың бөлінуіне кедергі жасайтынын да айтты. Оның айтуынша, былтыр бірнеше айға созылған локдаунның салқынын бүгінде жас-өспірімдерге дейін тартып жатыр. Үйде компьютер мен гаджеттерге үңілген қимылсыз отырыстар остеохондроз ауруын көбейтіп жіберген. Бұл ретте маман көбірек жаяу жүріп, спортпен айналыспақ, енді 5-6 жылда буындары сірескен, омыртқалары иілмейтіндердің тұтас әскері қалыптасатынын айтады.

Медицина ғылымының докторы, эндокринолог Айгүл Дурманова сусамыр дертіне шалдыққан адамдардың COVID-19 жұқтыруы өзгелерге қарағанда он есе көбірек екеніне тоқталды. Қанның құрамында қанттың жоғары болуы вирустың өкпе эпителийіне жылдамырақ өтуіне жол ашады. Мұнымен қоса ұйқы безі аралшықтарының бета-жасушаларының түзілуі бұзылып, инсулин бөлінуіне нұқсан келеді. Сөйтіп сусамыр (қантдиабеті) екінші формасындағы бұрын таблеткамен емделіп жүрген пациентті инсулин қабылдайтын күйге өткізіп

жібереді. Сонымен қатар SARS-CoV-2 бұрын мұндай аурумен ауырмағандарды, эндокринологтың есебінде ешқашан тұрмаған жандардың өзін сусамырға алып келіп жатыр. Сондықтан коронавирус жұқтырып, ауырып, жазылып шыққан адамдар жарты жыл көлемінде қан құрамындағы глюкоза мөлшерін ай сайын өлшетіп тұруы қажет. Өйткені пациент ағзасында көмірсулар алмасуы бұзылуы әбден мүмкін жайт. Ал бұл қант диабетінің алды болуы ғажап емес.

– Бұрындары жедел тиреоидит атты қалқанша безінің ауруы сирек кездесетін еді. Бұл көктем мен күзде инфекциялық вирусты аурулар қозатын кезде ғана байқалып қалатын. Қазір бұл ауру маусым таңдамай жиілетіп кетті. Пациенттің дене қызуы көтеріліп, тамағының тұсы ауырып, тершеңдік белең алып, жүрек соғуы жиілейді. Көбіне мұны тәжірибесі аз жас дәрігерлер тиреотоксикозбен шатастырып алады. Бірақ бұл SARS-CoV-2 тудырған жедел тиреоидит, ал оны анықтау үшін эндокринолог маманға жүгіну керек. Әйтпесе оның салдары гипотиреозға алып келуі мүмкін. Бұл кезде адамның денесі құрғап, шашы түсіп, ісініп, үлкен дәретке баруы қиындап, депрессияға ұшырап, сәл нәрсеге ашуланып, мінезі де бұзылады. Егер осы белгілер байқалса, кідірмей эндокринологқа жүгіну керек, – дейді Айгүл Қалыбайқызы.

Медицина ғылымының кандидаты, ревматолог Аида Табенова COVID-19 ауыр немесе жеңіл өткеніне қарамастан оның салдарынан аутоиммунды аурулар қатары көбейіп кеткенін атап өтті. Ал бұрыннан мұндай аурулары бар пациенттер үшін SARS-CoV-2 жұқтырудың қауіпі өзгелерге қарағанда ауырырақ жүреді. Оның үстіне ревматологта есепте тұратын пациенттердің аутоиммунды ауруынан өзге қосымша артериялы гипертензия, жүрек аурулары, сусамыр, бронх аурулары, демікпе, тағы сол сияқты диагноздары болуы заңды дүние. Осы аурудың қай-қайсысының да жеке болуының өзі ағзаға үлкен жүк артады, ал біздің пациентімізге COVID-19 жұққанда жағдайдың қаншалықты ауыр болатынын осыдан-ақ өзіңіз бағамдай беріңіз.

– Бұрын ревматолог маманның кім екенін білмесеңіз, мына вирус сізді оның тұрақты пациентіне айналдыруы да мүмкін. Егер буындарыңыз ауырып, денеңізде әлдебір бөрткендер шықса, қызу ұзақ уақыт көтеріліп, әлсіздік болатын болса, жедел учаскелік терапевтке барыңыз. Скринингтен қашпай, уақтылы өтудің маңызы зор. Сонда ғана жүйелі аутоиммунды аурудың алды алынады. Ауру белгілері жазылып шыққан соң бірден байқалмай, арада бірнеше ай өткен соң білінуі мүмкін. Сондықтан абайлау керек, осыны оқырмандарға жеткізсеңіз, – деді Аида Айтбайқызы.

Дәрігерлермен сөйлесіп, әңгімемізді түйіндеп жатқанда Гүлжан Мұслиманбекқызы жақсы бір жаңалығы бар екенін қоса кетті.

– Жоғарыда айтылған жады ескірген жандарға көмектесетін «Транскараниалды магнитты стимулятор» атты аппаратты жуырда қондырамыз. Бұл мидың қыз-метін өте жақсартып, бізге қажетті ми бөлігіне тоқ жіберу арқылы ақауы бар жерді оятып, қызметін қалпына келтіреді. Сондықтан адамдардың өмір суру сапасын арттырамыз. Бұл – шынында үлкен қуаныш. Жақындарының ішінде есте сақтау қабілеті төмендеген адаммы бар отбасылар мұны өте жақсы түсінеді. Өйткені ондай адамды бағу оңайға түспейді. Ал аппарат ауруы асқынған үшінші дәрежедегі емес, алдыңғы екі кезеңдегі пациент үшін таптырмайтын көмек болмақ, – дейді Неврология бөлімінің меңгерушісі.

Нұр-Сұлтан қаласы Universital Medical Center корпоративтік қорының республикалық диагностикалық орталығы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 360. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.